

## Аудандық мәслихаттың кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының 2009 жылғы 23 қазандағы N 154 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 2 желтоқсанда N 13-11-158 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының 2013 жылғы 15 мамырдағы N 104 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының 15.05.2013 шешімімен**

«Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 ақпандағы Заңы 1-бабының 4-тармағы 1) тармақшасына сәйкес аудандық мәслихат

**Ш Е Ш Т І :**

1. Мәслихаттың кейбір шешімдеріне енгізілетін қоса берілген толықтырулар бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы*

*Г. Полякова*

*А у д а н д ы қ*

*мәслихаттың хатшысы*

*Қ. Ысқақов*

А у д а н д ы қ

м ә с л и х а т т ы ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

2 3

қ а з а н д а ғ ы

№

1 5 4

ш е ш і м і м е н

Бекітілген

## Мәслихаттың кейбір шешімдеріне енгізілетін Толықтырулар

1. «Тайынша қаласы және Тайынша ауданы аумақтарын көркейту Ережелерін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008 жылдың 30 сәуірінде тіркелген № 13-11-104, «Тайынша таңы» 2008 жылдың 23 мамырында және «Тайыншинские вести» 2008 жылдың 23 мамырында жарияланн) аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 19 наурыздағы № 46

**ш е ш і м і н е :**

шешімнің кіріспе сөзбасындағы «мемлекеттік басқару» сөздерінен кейін « және өзін-өзі басқару» сөздермен толықтырылсын;

2. «Тайынша ауданындағы кәсіпкерлік қызметтің жеке түрлеріне бірыңғай тіркелген жиынтық салық ставкаларын белгілеу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 10 наурыздағы тіркелген № 13-11-138, «Тайынша таңы» 2009 жылғы 3 сәуірде, «Тайыншинские вести» 2009 жылғы 3 сәуірде жарияланған) аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 29 қаңтардағы № 98 шешіміне:

шешімнің кіріспе сөзбасындағы «мемлекеттік басқару» сөздерінен кейін «және өзін-өзі басқару» сөздермен толықтырылсын;

3. «Тайынша ауданының ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласының азаматтық қызметкерлеріне 2009 жылға арналған қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметкерлердің жалақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды белгілеу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 10 наурыздағы тіркелген № 13-11-139, «Тайынша таңы» газетінде 2009 жылдың 3 сәуірінде жарияланған, «Тайыншинские вести» - 2009 жылғы 3 сәуір) аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 29 қаңтардағы № 99 шешіміне:

шешімнің кіріспе сөзбасындағы «мемлекеттік басқару» сөздерінен кейін «және өзін-өзі басқару» сөздермен толықтырылсын;

4. «Тайынша ауданы бойынша жер салық ставкаларын жоғарлату туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 10 наурыздағы тіркелген № 13-11-140, «Тайынша таңы» газетінде 2009 жылдың 3 сәуірінде жарияланған, «Тайыншинские вести» - 2009 жылғы 3 сәуір) аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 29 қаңтардағы № 100 шешіміне:

шешімнің кіріспе сөзбасындағы «мемлекеттік басқару» сөздерінен кейін «және өзін-өзі басқару» сөздермен толықтырылсын;

5. «Тайынша ауданы жерлерінің аймақтандыру сызбасы және жер телімдері үшін төлейтін базалық ставкаларына түзеу коэффициенттері туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2007 жылғы 5 наурыздағы тіркелген № 13-11-55, «Тайынша таңы» газетінде 2007 жылдың 30 наурызында, «Тайыншинские вести» газетінде 2007 жылдың 30 наурызында жарияланған) аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 23 қаңтардағы № 200 шешіміне, «Тайынша ауданы жерлерінің аймақтандыру сызбасы және жер телімдері үшін төлейтін базалық ставкаларына түзеу коэффициенттері туралы» аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 23 қаңтардағы № 200 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 10 наурыздағы тіркелген № 13-11-142, «Тайынша таңы» газетінде 2009 жылғы 3 сәуірінде, «Тайыншинские вести» - 2009 жылғы 3

сәуірінде жарияланған) 2009 жылғы 29 қаңтардағы № 102 шешімімен енгізілген өзгерістерді есепке ала отырып: шешімнің кіріспе сөзбасындағы «мемлекеттік басқару» сөздерінен кейін «және өзін-өзі басқару» сөздермен толықтырылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ